

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 21 ақпан N 186. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 504-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі туралы ережеде:

1) 6-тармақтағы "Кенесары көшесі, 83" деген сөздер "Республика даңғылы, 60" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11 - тармақ :
мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), 5-3), 11-1), 11-2) тармақшалармен толықтырылсын :

"5-1) жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредиттеуді ұйымдастырады және жүргізеді;

5-2) ғылыми ұйымдарды аттестаттауды және мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредиттеуді жүргізеді;

5-3) міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізуді ұйымдастырады ;

11-1) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерді қоса алғанда, мемлекеттік мерзімді ғылыми-техникалық басылымдардың және басқа да баспа өнімдерінің орындылығын анықтайды ;

11-2) мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының, іргелі және қолданбалы зерттеулердің аяқталған тақырыптары мен бағдарламаларының, қорғалған диссертациялардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етеді ; "

3) 12 - тармақта :
5) тармақшадағы ", олардың жарғыларын бекітуге" деген сөздер алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің жарғыларын б е к і т у г е ; " ;

б) тармақшадағы "республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 9-2), 9-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-2) ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізуге;

9-3) ведомстволық статистикалық байқаулардың бағдарламаларын әзірлеуге;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі